

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай -бақшасы
Ортаңғы «Бәйшешек» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тәрбиешілер: Есенбаева М
Қаржауова М

2021-2022 ж.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

«Бәйшешек» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының № 1 хаттамасы.

Күні: 09.09.2021 ж. «ZOOM» платформасында.

Қатысканы: 17

Қатыспағаны: 8

Себепті: 4

Себепсіз: 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: «Бала тәрбиесіне мән берейік».
2. Ата-аналар комитетін сайлау.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

I - мәселе бойынша Ата-аналар жиналысын әдіскер Жантаева Гүлнар апай ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі. Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді асы, ойын түрлері барлығы өз уақытымен өткізіліп отыратынын айтты. Ал тәрбиеші Есенбаева М Бала тәрбиесіне мән берейік» тақырыбында баяндама оқыды.

II- мәселе бойынша жаңа оқу жылында ата-аналар комитетін сайлауды ұсынды. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Сыздыкова Майра.

Мүшелері: Сандыбаев Елдос.

Заутбек Айшолпан.

III – мәселе бойынша Тәрбиеші Есенбаева Майра. ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 10-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе, ата-анаға балаларын балабақшаға 8.30-ға дейін әкеліп, кешкі сағат 18.30-ге дейін алып кетулерін, және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрауларға ауызша жауап берді.

Қаулы:

1. Тәрбиеші Есенбаева Майра «Бала тәрбиесіне мән берейік» баяндамасы қанағаттанарлық деп табылып, ата-анамен бірге жұмыс жүргізілсін.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы Жұманберді Ұлжанар, ал көмекшілері болып, Әлішерова Гулжанат, және Джаналиева Екатерина тағайындалсын.
3. Балалар бақшаға уақтылы алып келіп, уақтылы әкетілсін.

Төрайым :
Хатшы:

Есенбаева М.
Қаржауова М.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай- балабақшасы МКҚК-ны

«Әсел» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы.

Күні: 13. 12. 2021 ж.

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 6

Себепті: 4

Себепсіз: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Әңгіме: «Дені саудан, дені сау бала туады».
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс-шаралары.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын топ тәрбиешісі Есенбаева Майра апай ашып, ата-аналарды алда келе жатқан мерекелермен құттықтап өтті.

I-мәселе бойынша топ тәрбиешісі Қаржауова Маржан «Дені саудан, дені сау бала туады» тақырыбында әңгіме жүргізді. Біздің басты мақсатымыз, баланың өмірі мен денсаулығын қорғау, балаларға түрлі жаттығулар жасату арқылы, дене мүсінін қалыптасты, сау өсіру. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл - ойы айқын, өз - өзіне сенімді, жан - жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт

Дене тәрбиесі, сауықтыру шаралары балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, кимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдығын, төзімділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың ақыл – ойы, адамгершілігімен, еңбекке белсенді болуларына ықпал етеді. Ата-аналар әңгімені тыңдап, өз ойларын, алған әсерлерімен бөлісті.

II- мәселе бойынша топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты.

III- мәселе бойынша тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Тәрбиеші Қаржауова Маржан «Дені саудан, дені сау бала туады» тақырыбындағы әңгімесі қанағаттандырылғы деп табылып, ата-аналармен біріге отырып, балалардың денсаулығы үнемі қадағалауда болсын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін, іс-шара өз деңгейінде өткізілсін.
3. Ата-аналар өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындап, ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болсын.

Төрайым :
Хатшы:

Есенбаева М.
Қаржауова М.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

«Әсел» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының № 3 хаттамасы.

Күні: 30. 03. 2022 ж

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

Себепті: 5

Себепсіз: 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Әңгіме: «Бала біздің болашағымыз».
2. Сұрақ-жауап. «Не үйреніп, не білдік?».
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

I-мәселе бойынша топ тәрбиешісі Есенбаева Майра «Бала біздің болашағымыз» деген тақырыпта әңгіме жүргізді. Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, ынтымақтасып ат салысуымыз қажет деді. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақша да өз ісіне жауап бере алады. Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде деді.

Ата-аналар әңгімені тыңдап, өз ойларын ортаға салып, ризашылықтарын білдірді.

II- мәселе бойынша ата-аналармен «Не үйреніп, не білдік?» атты тақырыпта ата-аналар арасында сұрақ-жауап жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салып, қағаз бетіне түсірді. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

III- мәселе бойынша топ тәрбиешісі ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазғы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуенде өткізеді, сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.

Қаулы:

1. Бала болашағына қатысты жүргізілген әңгімеден талқыланған мәселе бойынша жұмыс ары қарай өз жалғасын тапсын.
2. Ата-аналар пікірі тыңдалып, үнемі байланыста жұмыс жүргізілсін.
3. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.

Төрайым :
Хатшы:

Есенбаева М.
Қаржауова М.



Шымкент қаласы

№53 “Ер-Асыл” бөбекжай бақшасы

“Бәйшешек” ортаңғы тобы

Баяндама

Тақырыбы:

«Пайдалы ойыншықтар»

Тәрбиеші: Есенбай М

Қаржауова М

2021-2022 оқу жылы

Пайдалы ойыншықтар



Сәбидің дүниетамының бай дамуына ойыншық әсер етеді. Ойыншықтар арқылы бала өз сезімін білдіріп, қоршаған ортаны зерттейді. Ойыншық таңдау баланың ең маңызды ісі болып есептеледі. Тек баланың өз еркіне, таңдауына байланысты. Көп ойыншықтардың арасынан өзіне тән ойыншық болып табылады. Әр баланың ойыншығы болуы тиіс. Бала ойыншығын үрсып жұбатады. Ойыншық арқылы бала жалғыздықтан арылады. Ата-аналары бір жаққа кеткенде, жалғыз қалған бала қараңғыдан қорықпау үшін ойыншығын ұшағына алып, қорқыныш сезімін сейілтеді. Жатарда жарық сөнгенде де, дос ойыншығы баланың құшағынан табылады. Кейде бала ашуын ойыншығынан алып, жұлып тастаған қалың мата орнына тігіп қояды. Баланың ойыншығына қарап, оның не ойлап, не сезініп жүргенін анықтауға болады. Шынайы өмірден алынған ойыншықтар. Қуыршақтар отбасы (жануарлардың отбасы), қуыршақтың үйі, жиһаз, ыдыс, көлік, қайық, таразы, дәрігер мен шаптараздың құралдары, сағат, теміржол, телефон, т.б. Ашуын сыртқа шығаруға көмектесетін ойыншықтар: сарбаздар, мылтық, доп, жастық, т.б. Сонымен қатар, шығармашылық қиялы мен өзін ашуға көмектесетін ойыншықтар бар. Олар : конструктор, әліпби, үстел үсті ойыншықтары, киылған суреттер, бояз, мозайка, жіп, мата кескіндері, желім, т.б.

Ойыншықты сатып аларда міндетті түрде баланың көзқарасын есепке алу керек. Автомат немесе жартылай автомат ойыншықтар жарамайды. Балаға керек ойыншықтар-олардың жан дүниесін аша алуы тиіс болуы керек. 1-2 жастағы балаларға арналған ойыншықтар, олар: пластмассалық пирамидалар. Осы ойыншық арқылы балалар ойлау қабілетін дамытады. 3-4 жастағы балалардың ойыншықтары әр түрлі болып келеді. Олар-конструкторды жинайды. Бұл жастағы балалар шын өмірден алынған сюжеттерді ойнайды.

Мысалы: әке-ана, қыз-ана т.б.5-6 жастағы балалардың ойын орындарынан төсек орындары мен шкафтарға ауысады. Бұл жастағы балаларды ойлау, қиялдау қабілеті жақсы дамиды. Өз қолдарымен жасаған ойыншықтарды жақсы көреді.

Есте сақтаңыз: Ойыншықты ауыстыруыңыз қажет. Себебі, бір ойыншықтан бала жалығуы мүмкін. Ескі ойыншықты алып тастап, уақыт өткеннен кейін қайта шығарсаңыз, баланың қызығушылығы қайта оянады.

Шымкент қаласы

№53 "Ер-Асыл" бөбекжай бақшасы

"Бәйшешек" ортаңғы тобы

Баяндама

Тақырыбы:

« Денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің»

Тәрбиеші: Есенбай М

Қаржауова М

2021-2022 оқу жылы



Денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің

Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не керек? Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөлді қажет, үнемі денсаулықты күтіп, оның қорын көбейтіп отыру керек.

«Денсаулық – ол зор байлық» деп бекер айтылмаған. Денсаулық адам өмірінің негізі, тірегі. Денсаулығы нашар адам қоғамда да, отбасына да жайсыз екені белгілі. Адам өз мақсатын денсаулықтың арқасында ғана жүзеге асыра алады. Дегенмен, әрбір адам өмірінде әдеттегі тіршілікпен өз денсаулығына атүсті қарап, профилактикалық тексеруде кейінге қалдырып, күнделікті маңызды мәселермен айналысу орын алады.

Бүгінгі таңдағы халықтың алға қойған асыл мұраты – көзі ашық, көкірегі ояу, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Алайда, жас буынның адамгершілік қасиеті мен дене тәрбиесі қатар ұштасып жатса, бұл – ұлт болашағы үшін баға жетпес байлық екені сөзсіз. Бүгінгі дені сау ұрпақ – еліміздің ертеңгі болашағы. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі демекші, қазіргі кезде дұрыс тамақтану адамның өмір сүруі мен оның денсаулығының жағдайын анықтайтын және салауатты өмір сүрудің басты факторларының бірі.

Денсаулық – әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуда.

12 жылдық мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі – психикалық және физикалық дені сау тұлғаны дамыту. Оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда дені сау бала оқу процесіне белсене араласады, әрдайым жайдары, көңіл-күйі жоғары болады деген принципті ұстанып, әр баланың денсаулығына нұқсан келтірмей, аялай отырып оқыту міндеттеледі.

Қай жағдайда болмасын мақсатқа жетуге денсаулықтың алар орны дара. «Денсаулық – зор байлық», яғни денсаулық мықты болса, оған білім мен біліктілікті қоссақ, адам баласы алмайтын қамал болмайды. Адам денсаулығы күнделікті күйбең тіршілігіміздің, өміріміздің, кәсібіміздің тйімді – тиімсіздігіне байланысты.

Денсаулықты сақтау, қалпына келтіру мәселесін бүгінгі білім беру жүйесінде түгелімен шешу мүмкін амас. Дегенменде денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, жақсартуға болады.

Әр тәрбиеші өз іс- әрекетінде дені сау адамның мүмкіншілігінің зор екенін, денсаулық ең құнды байлық екенін ескертіп және де салауатты өмір салтын ұстануға баланы бейімдеуі керек. Ата – анамен бірлесе отырып, баланың оқуына, рухани, физиологиялық дамуына көмек жасауын ұйымдастыру керек. Қазіргі денсаулық сақтау мәселелері көп.

Балалармен бірге жеке денсаулығын сақтау және дамытуда:

- Дене саулығы;

- Психикалық денсаулығы;

Неврологиялық аурулардың білінуі;

- Әлеуметтік дезадаптация;

Сөйлеудің дамуы.

Жазғы демалыс уақытында балалар демалысы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету барысында балалардың денсаулығын нығайту мен сақтауға ықпал етуші факторлар:

1. Демалыс жағдайының қауіпсіздігі;
2. Сапалы медициналық қызмет көрсету;
3. Күн тәртібінің жүйелілігі;
4. Денсаулықты нығайтуға бағытталған дұрыс тамақтандыру;
5. Демалыс уақытының дұрыс бөлінуі мен тиімділігі;
6. Қозғалыс белсенділігінің тиімділігі;
7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
8. Адам ағзасының қажетті қоректік заттармен қамтылуы;

9. Ағзаның өсуі мен дамуының көрсеткіштерін бақылау мен байқауға, дамытуға ата – аналарға арналған алғашқы медициналық сауаттылық лекциялар дайындау,

оқу;

10. Жас ата –аналармен жұмысты нығайту; Сондай

ак:

- Зиянды заттардың адам организміне, болашақ ұрпағына әсер туралы;

- Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының адам организміндегі зиянды факторлармен күресу;

- Күнделікті тұрмыста пайдаланатын химиялық заттардан сақтану, балаларды қорғау;

- Ауырған кезде дәрі –дәрмектерді шамадан тыс көп пайдалану т.с.с. тақырыптарда сабақ өтілуі тиіс. Білім беру жүйесінде қолданылатын денсаулық сақтайтын технологияларынан денсаулықты қорғауға қатысты әр түрлі әдіс –тәсілдерді айқындауға болад: - медициналық – гигиеналық технологиялар – дене шынықтыру денсаулық сақтайтын технологиялар - экологиялық денсаулық сақтайтын технологиялар – өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялар денсаулық сақтайтын оқыту технологиялары - оқу – тәрбиелік технологияларына оқушыларда денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру, өзінің денсаулығын күту сауаттылығы жөнінде оқыту, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру. Бұл мақсаттардың орындалуы келесі білім беру үрдістерге байланысты:
- санитарлық ережелерге сай оқу үрдістерінің тиімді ұйымдастырылуы;

- балалардың қимыл – қозғалыс белсенділігінің тиімді ұйымдастырылуы;

- салауатты өмір салты және денсаулық құндылықтары қалыптастыру жөнінде жүйелі жұмыстар.

Міне осы мәселелер төңірегінде қоғам болып қолға алып, бірлесе жұмыстану қажет. Адам денсаулығын сақтау мәселелерінде жалпы өзінің организмінде болып жатқан өзгерістерді тындап, түсініп, қалпына келтіру әр саналы адамның ісі.

Шымкент қаласы

№53 “Ер-Асыл” бөбекжай бақшасы

“Бәйшешек” ортаңғы тобы



Баяндама

Тақырыбы:

«Отбасы мен балабақша бірлігі».

Тәрбиеші: Есенбаева М

Қаржауова М



2021-2022 оқу жылы



Баяндама.



Отбасы мен балабақша бірлігі».

Балабақша шак – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін.

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі.

Балалық шак – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» болып табылады. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай

жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен

қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге

жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған. Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді.

Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған.

«Тәй-Тәй»

технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-аналар жиналысы болып табылады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген.

Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.